

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

14 қаңтар
2022 жыл
ЖҰМА
№ 1 (4489)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



РЕЗЕРВУАРЫ СНОВА
В РАБОТЕ

2



АМӨЗ – ҚАЙЫРМДЫЛЫҚТЫҢ
ОРДАСЫ!

4

ӨНДІРІС



АМӨЗ РЕКОРДТЫ ЖАҢАРТТЫ

Атырау мұнай өндеу зауыты 1945 жылдан бері болмаған мұнай өндеу рекордын жаңартты. Кәсіпорын - еліміздегі ең ірі зауыттардың бірі. Соның ішінде АМӨЗ мұнай өндеудің тұңғышы болып табылады. Құрылыс жұмыстары басталған, қиын-қыстау кездерден бастап зауытқа зор үміт артып, бүгінде бір жұдырықтай біріккен ұжымның адал еңбегінің арқасында зауыт белестерден өтіп келеді.

2021 жылы Атырау МӨЗ 5 млн 473,5 мың тонна мұнай өндеді. Бұл дегеніміз жоспар 101,4%-ға орындалды дегенді білдіреді. Осылайша, алып кәсіпорын жаңа өндірістік рекорд орнатып, зауыт жұмыс істеген 76 жыл ішінде ең үлкен мұнай өндеу көлеміне жетіп отыр.

Атырау МӨЗ-дің бұл нәтижесінің бүкіл Қазақстан үшін маңызы зор, өйткені біз еліміз үшін бүкіл отынның 30%-дан астамын өндіреміз.

Кәсіпорын, ауқымды жаңғыртудың нәтижесінде, жоғарғы көрсеткіштерге жетіп, зауыттың қуаттылығы 5 млн.тоннадан 5,5 млн.

тоннаға дейін өсті.

Қазіргі таңда Атырау мұнай өндеу зауыты көптеген елдермен етене байланыста жұмыс жасап, өз өнімдерін экспортқа шығаруда.

Сонымен бірге АМӨЗ облыстың ғана емес, еліміздің ең ірі салық төлеушілерінің қатарында. Зауыт

мемлекеттік бюджет алдындағы өз міндеттемелерін орындап қана қоймай, салық аударымдарының сомасын да ұлғайтты. 2021 жылдағы мемлекет бюджетіне төленетін төлемдер 72 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 44%-ға артық.

QAҰYPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

КЕЗДЕСУ



ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Алпауыт зауыттың үздіксіз қызметі мен тоқтаусыз өндірістегі жетістіктерінің бірден бір бастамасы қауіпсіздік. Зауыттағы басты фактор-адам болып табылатындықтан, қызметтегі маманның өмірі мен денсаулығы маңызды болып табылады.

Осы орайда Атырау мұнай өндеу зауытының еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметінің мамандары мердігер мекемелермен кездесу өткізіп, өткен жылды қортындылады. Кәсіпорын көптеген компаниялармен бірлесіп жұмыс атқаратындықтан, тәртіп пен ережелердің ортақ екендігі белгілі.

«2021 жылы 59 тексеріс өткізілді. Оның ішінде: Өрт сөндіру бөліміне -8, «NSS» ЖШС – 9, «IQS Engineering» ЖШС -11, «ENERTEK» ЖШС – 20, «КТР» ЖШС – 14, «GS» ЖШС -3, «KMG-S»-1 тексеру жұмыстары жүргізілді. Онда жалпы 580 сәйкессіздік анықталды. Дегенменде дер кезінде шаралар қолданып, уақытылы шешімін тауып отырды. Сол үшін де, жұмыла жасаған жұмыстарыңыз үшін алғыс білдіремін», - деді қызмет бастығының орынбасары Арман Димұқашев.

2022 жыл – қауіпсіздік жылы болып табылады. Сол себептен де өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау – басты мақсат болып отыр. Сонымен қатар мердігер ұйымдардың барлық басшылары өндірістік жаракаттың, жазатайым оқиғаның туындау фактісі

үшін жеке жауапты тұлға болады және олардың туындауының алдын алу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті саналады.

Жоғарыда айтылған фактілердің орын алмауы үшін 2022 жылға арналған арнайы іс-шаралар жоспары тағайындалып, қауіпсіздік қызметінің мамандары жоспар бойынша үйлесімді жұмыс атқаруға шақырды.

2022 жылы басқарушы директорлар мен мердігер мекемелер оқыс оқиғалардың алдын алу бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштерінде көрініс табатын болады.

Енгізілген жаңашылдықтар мен мердігер ұйымдардың бұрын соңды ұшыраспаған қызмет түрлері арнайы түсіндіріліп, оқыту жұмыстары да жүргізіледі.

Кездесу соңында зауытпен етене байланыста жұмыс жасайтын компания басшылары мен өкілдері қажетті сұрақтарын қойып, мамандардан мардымды жауаптар алды.

Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген
Данияр МҰХАМБЕТОВ

МАҢЫЗЫ БАР

АМӨЗ-ДЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

2022 жылдың 3 қаңтарынан бастап Атырау МӨЗ де ЭЛОУ-АВТ-3, ССР, КУ ГБД және Parisom қондырғылары жоспарлы түрде 9 күнге тоқтатылды. Бұл тоқтатулар 2021 жылғы жоспарлы-алдын алу жұмыстары кестесіне сай, ағымдағы жылдың қыркүйек айында жүзеге асуы қажет болған. Алайда, Қазақстан Республикасының ішкі нарығын стратегиялық мұнай өнімдерімен: дизель және автомобиль отынымен қамтамасыз ету қажеттілігін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының энергетика министрлігімен және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен алдын ала келісілген жоспарлы-алдын алу жұмыстарын 2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы қаңтарға ауыстыру туралы шешім қабылданған болатын.

2022 жылғы қаңтарда «АМӨЗ» ЖШС төрт технологиялық қондырғысында: өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын сақтау шеңберінде статикалық жабдықты диагностикалау, инспекциялау және динамикалық жабдықтың жұмысын тексеру, сондай-ақ 3 технологиялық қондырғыдағы катализаторларды ауыстыру көзделген.

Осы кезеңде барлық жоспарланған іс-шараларды іске асыру үшін «ҚазТурбоРемонт» БК ЖШС АФ, «НефтеСтройСервис» ЖШС, «IQS Engineering» ЖШС, «Gold Sunray»

ЖШС, «Интра» ЖШС, «РМУ-Шымкент» ЖШС, «ТехноКонтроль» ЖШС, «ИнжПромКомпани» ЖШС, «OrgНефтеХим» ЖШҚ, «Buchen Industrial Service» ЖШҚ, «Catalyst Service» ЖШС, «AVC», «Euroslot», «Axens» және «UOP» серіктес компаниялары жұмылдырылды.

Айта кетейік, 4 технологиялық қондырғыда жоспарлы-алдын алу жұмыстарын өткізу кезінде қалған өндірістер бекітілген өндірістік жоспарға сәйкес өнімді шығару және жөнелту бойынша штаттық режимде жұмыс істеуді жалғастыратын болады.

РЕМОНТ

РЕЗЕРВУАРЫ СНОВА В РАБОТЕ

В производстве транспортировки и отгрузки нефтепродуктов с 2006 года (годы строительства 1988-2000г) находится в эксплуатации резервуарный парк №3а, предназначенный для приема и хранения легкой нефти по трубопроводной системе АО «КазТрансОйл», а также газоконденсата и ПГФ, принимаемых вагон-цистернами с эстакад слива-налива нефтепродуктов.



Резервуары №123 и №124, после 15 лет эксплуатации согласно план-графика ППР были выведены из эксплуатации для проведения полного технического обследования. Предварительно были проведены работы по зачистке резервуаров от донного остатка нефтесодержащих отходов с последующей дегазацией. Работы по зачистке резервуаров производились подрядной организацией ТОО «Мұнай Реал Экспресс», куратором работ выступил технический отдел.

После окончания работ по зачистке резервуаров оперативно совместно со службой СПК завода, экспертной организацией ТОО «АЗКА Консалтинг Сервис» и ТОО «СЦ Казтурбо-ремонт», были проведены работы по полному техническому обследованию состояния металлоконструкций резервуаров, проведено обследование кровли, днища и поясов корпуса резервуаров, измерение твердости основного металла, проверены отклонения образующих стенок от вертикали. После окончания диагностирования и на основании результатов полного технического обследования резервуара была сформирована и утверждена дефектная ведомость по ремонту резервуаров. В неё были включены объёмы по полной замене металла кровли и днища резервуаров, элементов несущих конструкций (первого пояса) и нанесению полной антикоррозийной защиты внутренней и наружной поверхности резервуара. После прохождения тендера для выполнения ремонтных работ были определены подрядные организации - ТОО «АЗИЯ Incorporated» (ремонт резервуара №123) и ТОО «Каскор-СМУ» (ремонт резервуара №124). Ремонтными работами ре-

зервуаров руководила служба ТОРО во главе с директором департамента Н.Наконечным и главным механиком Н.Кокоревым. Контроль за качеством ремонтных работ по резервуарам осуществлялся совместно службами завода ТОРО, СПК, ПИТН и ПО. После проведения процедур по гидравлическому испытанию и окончательного нанесения номеров позиции и логотипа резервуары были успешно введены в эксплуатацию. В ноябре текущего года резервуары №123 и №124 были включены в общую технологическую схему с приемом легкой нефти месторождения Мартыши для создания запаса, необходимого при проведении пусковых и остановочных процедур на первичных установках переработки нефти.

Нариман КАСАНОВ,
Начальник производственного
отдела



ИНТЕРВЬЮ

МОДЕЛЬ БЕЗОПАСНОГО ТРУДА

Выявление потенциально опасных ситуаций и повышение культуры безопасности труда как основного инструмента снижения уровня производственного травматизма. Эти два направления стали главенствующими в деятельности службы безопасности и охраны труда ТОО «АНПЗ» в 2021 году. Об их итогах, а также о том, как формировать модель безопасного поведения работника на производственном участке - наш разговор с исполняющим обязанности главного технического руководителя-начальника службы БиОТ Арманом Димукашевым.

- Арман, 2020-ый год завод завершил с плохими показателями-произошло два несчастных случая. Какие выводы были сделаны после этого в 2021 году, и какая работа была проделана в целях недопущения производственного травматизма?

- Да, к сожалению, в 2020 году имели место два факта производственного травматизма. В первом случае работник отравился сероводородом на комбинированной установке производства серы ПКис, во втором - было падение с эстакады налива светлых нефтепродуктов ПнТН.

Поэтому первоочередной и главной задачей в области безопасности охраны труда в 2021 году стало снижение уровня производственного травматизма минимум на 50%, а в идеале на 100%.

Второй задачей мы определили повышение культуры безопасности труда, используя различные действенные инструменты, включая бенчмаркинг - опыт родственных предприятий Казахстана и СНГ. Основными нововведениями для повышения культуры безопасности труда в 2021 году были карточки личной приверженности вопросам БиОТ, регистрация, учет и расследование потенциально опасных ситуаций Near Miss.

-Что такое «карточка личной приверженности вопросам БиОТ»?

-С 2021 года мы начали внедрять процедуру личной приверженности вопросам безопасности и охраны труда инженерно-технических работников завода, инициатором АО «НК«КазМунайГаз». Основная цель данного мероприятия заключается в том, что каждый работник, сам лично определяет для себя приоритетные за-

дачи в области безопасности и охраны труда на календарный год, которые он обязуется выполнить, тем самым выражает личную приверженность и заинтересованность в улучшении безопасности труда. К слову, в 2022 году в этот процесс будут вовлечены все работники завода, включая и производственный персонал. Так как тема безопасности труда касается каждого.

- Объясните понятие «потенциально опасная ситуация»?

- Эта та ситуация, которая произошла, но не привела к вреду здоровью человека, при этом имелся риск производственной травмы. Приведу один пример: человек зашел в помещение склада и оставил железную дверь открытой. Через некоторое время, в момент выхода из склада с ведром масла, перед его лицом порывом ветра захлопнулась железная дверь. Данная ситуация потенциально могла причинить вред работнику. Представьте, если за секунду до этого, выходя из помещения, он держался бы руками за дверной косяк, а дверь захлопнулась? Это могло бы привести к перелому пальцев. Это и есть ПОС - Near Miss. Потенциально опасные ситуации возникают не сами по себе, а в результате ряда факторов, таких как неосторожное действие самого работника, небезопасные условия и т.д. Необходимо выявлять коренные причины возникновения ПОС, чтобы минимизировать риски производственного травматизма. В большинстве случаев решение проблемы бывает простым, в данном примере-установка фиксатора двери.

В рамках данной работы для ИТР мы организовали обучение с привлечением специализированной организации Baitau Partners. Затем опытный тренер Асхат Ералиев провел дополнительное бесплатное онлайн обучение. Был разработан обучаю-



щий слайд, по которому мы провели обучение для всех ИТР производств, включая технических инспекторов по ОТ при профкоме завода. На каждом производстве созданы постоянно действующие комиссии по расследованию ПОС. Благодаря этой работе, на сегодня выявлено, проведено расследование и устранены коренные причины 26 ПОС на объектах завода, и эта ежедневная работа продолжается.

-Какие результаты дала внутренняя проверка опасных участков?

- По поручению генерального директора в 4 квартале 2021 года начальники всех технологических установок провели внутреннюю проверку опасных участков, работа на которых подвергает риску получения травмы производственного персонала. Они были идентифицированы, классифицированы и единым перечнем направлены в департамент ТРО для планового устранения. Эта работа началась, но так как требует немалых финансовых средств, основная ее часть будет проведена в 2022 году. Кроме этого, в целях снижения производственного травматизма службой БиОТ было увеличено количество проверок. Чаще стали проверяться технологические установки и глубже анализироваться выявляемые несоответствия.

Благодаря проведенной значительной работе, впервые за два года (2019-2020) удалось завершить год без про-

изводственного травматизма, как среди работников завода, так и подрядных организаций. Данное достижение не повод для расслабления, так как обеспечение безопасности труда - это постоянный, кропотливый и непрерывный процесс, требующий постоянного улучшения.

Более того, по личному поручению генерального директора в 2022 году мы планируем держать высокую планку «нулевого травматизма» среди всех работников, а это более 20-ти подрядных компаний с суммарным количеством более двух тысяч человек + 1600 работников ТОО «АНПЗ». Да, это большая цель, и для ее достижения нужен комплексный подход, вовлеченность в вопросы безопасности труда всех работников завода и подрядных организаций. Тем более, что ФНБ АО «Самрук-Казына» объявил 2022 год Годом безопасности труда для всех своих портфельных компаний, к числу которых относится и наш завод.

На 2022 год службой безопасности и охраны труда разработан План мероприятий, состоящий из 7 направлений, по которым будет вестись работа в структурных подразделениях завода и подрядных организациях. Кроме этого, с нового года в рамках повышения ответственности за охрану труда, в персональный КПД каждого управляющего директора включен пункт «недопущение несчастного случая, как с работниками завода, так и работниками подрядных организаций» на вверенном ему участке. Считаю, что каждый управляющий директор, так же, как и начальники производств, должны демонстрировать активную приверженность вопросам БиОТ. Ставить перед производственным персоналом четкие задачи, целевые показатели, временные рамки, и в случае достижения высоких результатов ходатайствовать о материальном поощрении работников. В заключение, хотел бы еще раз подчеркнуть: каждый из нас в ответе за свою безопасность и безопасность своих коллег. Поэтому, соблюдайте правила безопасности, не создавайте риски, будьте здоровы и счастливы.

-Арман, спасибо за содержательные ответы. И пусть 2022 год будет безопасным!

Индира САТЫЛГАНОВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

СЫР-СҰХБАТ АЛАҒЫ

Нұрбол ДУЗБАЕВ: «ТАЛАП-КҮШТІ, ТӘРТІП-ҚАТАЛ БОЛАДЫ»

2019 жылы сәуір айында бастап енгізілген 5s бағдарламасы бүгінгі күнге дейін қызметін сәтті жалғастырып келеді. Уақытты тиімді пайдаланып, жұмыс орынның тазалығына үгіттейтін жобаның бүгінгі жоспары жөнінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметінің инженері, комиссия мүшесі Нұрбол Дузбаевпен әңгімелесіп көрдік.

- 5s жүйесінің жетістіктері белгілі. Ендігі кезекте қандай мәселелерге ден қойылмақ?

- Бұл жүйе өндірісте немесе кеңседе тиімді жұмыс жағдайларын жасауға мүмкіндік беретін нақты құрылымдалған жүйе. Бүгінгі күні қызметкерлердің саналы түрде осы жүйемен жұмыс жасауына мән беретін боламыз. Себебі, тексеріс кезінде жинақталған жұмыс орны, кейін қайтадан бұрынғы күйіне түсу жағдайлары көптеп кездесіп жатады. Осы жолы сондай оқиғалардың орын алмауы жолында қызмет ететін боламыз. Тек қана



өндірістерді ғана емес, орталық аппаратты да, мердігер ұйымдардың жұмыс орындарын да бақылауға алатын боламыз.

- Бағдарламада қандай өзгерістер бар?

- Ең алдымен тәртіп күшейтілетін болады. Яғни, бұрын сонды ескерту жасалып, уақыт берілетін болса, қазір

бірден жазаланатын болады. Тек қана жеке кабинеттерді ғана емес, бір ғана адамға да шара қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, мердігер ұйымдар да қатаң бақылауға алынады. Наразылық ұйғарымдар жазылып, тәртіптік шара қолданылады. Өйткені, белгілі бір нәтижеге жету үшін, талапшылдықтың маңызы зор. Және де іс-шаралар жоспары әзірленіп, сол бойынша комиссия мүшелері тексеріс жүргізетін болады. Тағы бір айта кететін жәйт, тексеруші мамандардың құрамы өзгеріп, қатары да толықты. Қазір зауыттың он маманы жобаға ат салыспақ.

- Комиссия мүшелерін ауыстырудағы себеп қандай? Олар қалай таңдалды?

- Жүйемен айналысатын жаңа қызметкерлердің талапшыл, адал болуына көп көңіл бөлінді. Кез-келген ортада бағдарлама жаңадан енгізілген кезде, оның толық жетілуіне уақыт қажет екендігі белгілі. Бұл жұмыс орнын оңтайландыру жүйесі зауытта 2019 жылы енгізілді. Содан бері қарай көптеген тәжірибе жинақталып, кем кеткен жерлерін толтырып, жаңа идеялар

туындап, оны енгізу арқылы бұл жоба қарқынды дамып келеді. Сол себептен де жаңа адамдармен жаңа қадамдарға аяқ баспақшымыз. Алдағы уақытта да оң өзгерістер орын алып, жүйенің толық дамуына үлес қосатын боламыз.

Сонымен қатар, белгіленген жоспар бойынша тексерістерден бөлек АМӨЗ Бас директоры Арман Қайрденовтің қатысуымен жоспардан тыс тексеру жұмыстары да жүргізілетіндігін ескерткім келеді.

Жұмыс орнынның жинақылығы ең алдымен қызметкердің тиімді жұмысы үшін қажет. Уақыты үнемделіп, моральдық тұрғыдан да шаршамауға жүйенің көп көмегі тиеді. Тек осыны адамдардың санасына жеткізу ғана қалды. Себебі, үш жылға жуық уақыттың ішінде аталмыш жоба көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Және де алдағы уақытта жүйенің даму жолында көптеген идеяларды жүзеге асыруды көздеп отырымыз.

- Жауабыңызға рахмет!
Сұхбаттасқан Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген Данияр МУХАМБЕТОВ

ҚҰРМЕТ

МӘРТЕБЕЛІЛЕР – МАРАПАТ БИІГІНДЕ

Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай ұлықталды. Мерекелік жиынды АМӨЗ Бас директоры Арман Қайрденов бастап, марапаттарын табыс етті.



«Кәсіпорындағы адал қызметтеріңізге көп рахмет. Айтулы мерекеміз құтты болсын. Әр істеріңіз берекелі болып, еңбектеріңіз елене берсін», - деп тілек білдірді зауыт басшысы.

Түрлі мадақтауға ие болған қызметкерлер өз кезегінде зауытқа алғыс білдіріп, кәсіпорынның әрі қарай дамуына үлес қосатындықтарын тілге тиек етті.

Бетті дайындаған Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ,
Райымбек ЖӘНІБЕКОВ



За Новый год!

*Уходит время безвозвратно
И в лету канули года,
Но Новый год – невероятно
Приходит молодой всегда.
Мы ждем его нетерпеливо
Считаем месяцы и дни,
Опустошаем магазины
Достоинство встретить год должны.
Свои названия он меняет
То год дракона, то свиный
Теперь вот тигр подстерегает,
Но мы останемся людьми.
Пусть разум наш
Восторгается
Законы джунглей не нужны
И на душе светлее будет
Ведь мир и дружба так важны.
И пусть ковид – злой и коварный
Покинет землю навсегда,
Ведь столько горя причинил нам
Что не забудут никогда.
Простим друг другу все обиды
Нальём шампанского вина
За Новый год, чтоб были живы
Мы выпьем свой бокал до дна!*

Раиса Каша,
ветеран АТМЗ

МЕЙІРІМ

АМӨЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ ОРДАСЫ!

Жаңа 2022 жыл қарсаңында Атырау мұнай өңдеу зауыты, кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы мен Nur otan БПҰ атынан қалалық ұйымдардан келіп түскен хаттар бойынша халықтың осал және әлеуметтік қорғалмаған топтарына тәтті жаңа жылдық сыйлықтар түрінде қайырымдылық көмек көрсетілді.

Өзге ұйымдардан бөлек, «Мүгедектер әлемі» үкіметтік емес ұйымына барып, тағдыр тәлкегіне ұшыраған бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар табыс етілді. Аяз ата мен ақша қар балаландардың көңілін көтеріп, ерекше кеш сыйлады.

Іс-шара барысында ата-аналар алғыстарын білдіріп жатты. Солардың бірі 14 жасар Ақбереннің анасы Гүлсім Өтеғалиева. Өмірдің ащы кезеңдеріне мойымай, бүлдіршінің дертіне дауа іздеп шырылдаған ана баласының қуанышын көргенде бір маркайып қалғандығын жеткізді. Өз кезегінде зауытқа үлкен жетістіктер тіледі.

Жалпы қайырымдылық мақсаттарға 1 200-ге жуық сыйлық сатып алынды.

Және де аталмыш дәстүрді Атырау мұнай өңдеу зауытының жылу және электр энергия өндірісінің қызметкерлері



жалғастырды. Олар өздері жинаған қаражатқа ондаған отбасыны азық-түлікпен қамтып, балаларға қуаныш сыйлауды да тым қалдырмады.

Сондай-ақ зауыт жаңа жылға аутсорсингтік компаниялар қызметкерлерінің балалары үшін 824 дана сыйлықтар сатып алды.

МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ ГОЛОЛЁДЕ

ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ		ОПАСНЫЕ ФАКТОРЫ		ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ДОРОГАХ	
<p>Внимание и осторожность – это главные принципы поведения, которых следует неукоснительно придерживаться в гололёд. Во время перемещения по скользкой поверхности не спешите, избегайте резких движений, постоянно смотрите себе под ноги; если нужно осмотреться, не стоит этого делать на ходу – лучше остановиться. Ноги должны быть слегка расслаблены и согнуты в коленях; корпус при этом чуть наклонен вперед.</p> <p>Держать руки в карманах в гололёд опасно: при падении не будет времени их вынуть. Особенно осторожно нужно быть при спуске по скользкой лестнице, ступни ног стоят ставить вдоль ступенек, чтобы сохранить равновесие и не упасть. Обязательно держитесь за поручни.</p> <p>Подготовьте малоскользкую обувь. Передаваться в гололёд нужно осторожно, ступая на всю подошву. Ноги при ходьбе должны быть слегка расслаблены, руки свободны. Если вы поскользнулись, сразу присядьте, чтобы снизить высоту падения. Сгруппируйтесь, чтобы исключить падение навзничь, в момент касания земли переключитесь, чтобы смягчить силу удара.</p>		<p>На производственных объектах опасными природными факторами холодного периода являются низкие температуры воздуха, холодный ветер, короткий световой день, падение снега, сосульки, гололёд, гололедац.</p> <p>В холодный период во время гололёда и оттепели возможны следующие опасные факторы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • травмы головы и конечностей; • вывихи и переломы; • повреждение позвоночника; • растяжения и разрывы связок; • ушибы мышц. <p>Если в прогнозе погоды дается сообщение о гололёде или гололедаце, примите меры для снижения вероятности получения травмы.</p>		<p>Дорожное обледенение может быть сплошным на большой протяженности дороги или на небольших участках. Обычно границы гололёда бывают придорожные постройки, поэтому в этих местах следует ожидать изменения состояния поверхности дороги.</p> <p>На пешеходных дорожках обледеневшие отвалы снега, оставшиеся после расчистки тротуаров, выберите другой путь, пусть он и будет длиннее.</p> <p>Выбирайте более безопасный путь: где меньше льда, где дорожки посыпаны песком, есть освещение. Если же на вашем пути сплошной лёд и обойти его нельзя, передвигайтесь скользящим шагом, стараясь не отрывать ноги от земли. Свой маршрут по возможности надо проложить подальше от проезжей части. В то же время не желательно идти в непосредственной близости от стен зданий, на кровлях которых нередко образуются сосульки.</p> <p>Пересекая проезжую часть дороги, следует быть предельно внимательным. Пересекать дорогу следует строго по пешеходному переходу. При переходе через проезжую часть следует учитывать, что в холодный период года значительно удлиняется тормозной путь автомобиля.</p>	
<p>ПЕРЕД ВЫХОДОМ</p>					
<p>правильный выбор обуви</p> <p>обувь с устойчивым каблуком не выше 3-4 см</p>	<p>правильный выбор обуви</p> <p>обувь без высоких каблуков</p>	<p>подготовка обуви</p> <p>используйте противоскользящие накладки или ледоступы</p>	<p>правильный выбор верхней одежды</p> <p>одежда не должна сковывать движения</p>	<p>ПРАВИЛА ПЕРЕДВИЖЕНИЯ</p> <p>туловище наклоните немного вперед, колени слегка согните</p>	<p>ПРИ ПОТЕРЕ РАВНОВЕСИЯ</p> <p>мажьте руками, так вы можете восстановить равновесие</p>
<p>с широкой носовой частью</p>	<p>подшова не должна быть абсолютно плоской</p>	<p>наклейте на ступню подшуву, поролон, лейкопластырь или наждачную бумагу</p>	<p>без глубокого капюшона</p>	<p>ориентируйтесь на чужие следы – лёд может быть припорошен снегом</p>	<p>не поднимайте ноги высоко</p>
<p>с толстой подошвой и четким рельефом</p>	<p>не используйте обувь на платформе</p>	<p>установите специальные противоскользящие набойки</p>	<p>одежда не должна затруднять обзор</p>	<p>наступайте на лёд полной стопой, а не перекатывая ее с пятки на носок</p>	<p>не садитесь на ягодицы, если падаете. У пожилых людей это приводит к перелому шейки бедра, у молодых – к травмам коленика</p>
<p>ПРИ ПАДЕНИИ</p>					
<p>назад (на спину)</p>	<p>на бок</p>	<p>вперед (на живот)</p>	<p>ПОСЛЕ ПАДЕНИЯ</p>	<p>ОКАЗАНИЕ ПЕРВОЙ ПОМОЩИ</p> <p>Первую доврачебную помощь можно оказать прямо на месте. Если травмирована конечность, то ее, прежде всего, нужно обезболить, зафиксировать с помощью шины, на руку сделать поддерживающую повязку; для этого могут быть использованы предметы, которые всегда есть рядом: доска, шарф, косынка.</p> <p>Для того чтобы снять отек, уменьшить болевые ощущения к ушибу или перелому желательно приложить что-нибудь холодное, снег для этого вполне подойдет. Получив травму, не стоит заниматься самолечением, обязательно и безотлагательно обратиться в больницу.</p>	
<p>• руки раскиньте максимально широко, чтобы загасить удар, не приземляйтесь на выставленные руки, чтобы не травмировать их</p> <p>• подбородок опустите на грудь, чтобы не удариться затылком, а также закройте рот, чтобы язык не попал между зубами</p> <p>• колени немного согните и разведите в стороны, чтобы не ударить себя ими в лицо</p> <p>• вытните руку перед собой, а не в сторону падения, разверните ее вниз ладонью</p> <p>• подбородком коснитесь груди, слегка прижав ухо к противоположному плечу, а не на то, на которое падаете</p> <p>• при падении согните ногу под 90 градусов, создав из нее подобие треугольника и постарайтесь коснуться земли всей боковой поверхностью этой ноги</p> <p>• не падайте на локоть</p> <p>• разведите пальцы рук как веер, это нужно для того, чтобы обе руки коснулись земли одновременно. Это уменьшит нагрузку на каждую руку</p> <p>• согните руки в локтях – так вы амортизируете удар</p> <p>• самая распространенная ошибка – падение на вытянутые руки, из-за этого и происходит переломы запястий</p> <p>• не торопитесь подниматься, оцените свое состояние, только после этого продолжите передвижение</p> <p>• при необходимости попросите помощи у проходящих мимо</p> <p>• дойдите до теплого помещения и осмотрите место ушиба</p> <p>• если вы получили травму, обратитесь в травмпункт за медицинской помощью</p>					

«НОВАТОР» басылымы
№1. 14 қаңтар 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 0004

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

